

## Халық пен шаруашылық жүргізуші субъектілерді табиғи газбен жабдықтау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 15 тамыздағы N 276. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.09.22. N 1368 қаулысымен.

Халық пен шаруашылық жүргізуші субъектілерді табиғи газбен іркіліссіз жабдықтау, қысқы жылыту кезеңіне дайындалу, сондай-ақ ұсынылған газ үшін қаражаттардың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті мен "Трактебель С.А." компаниясының қызметі тұтынушыларды табиғи газбен жабдықтауға және ұсынылған газ үшін қаражаттардың қайтарылуын қамтамасыз етуге бағытталатын жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанындағы бірлескен кәсіпорын құру туралы, сондай-ақ құрылатын бірлескен кәсіпорынға қатысушылардың құрамына өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіретін, төлем жасауға қабілетті ірі қазақстандық кәсіпорындарды енгізу туралы;

"Трактебель С.А." компаниясының өз қаражаты есебінен республиканың газ қоймасына қысқы жылыту кезеңінде пайдалану үшін кемінде 500 миллион текше метр газ қою туралы ұсыныстары назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті:

құрылатын бірлескен кәсіпорынға Қазақстан жағынан қатысушыларды а й қ ы н д а с ы н ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне оған газды Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының тұтынушыларына сату жөніндегі дистрибьютердің функцияларын жүктей отырып Республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы ұсыныс енгізсін;

белгіленген тәртіппен "Алматыгаз", "Алаугаз" (Оңтүстік Қазақстан облысы), "Жамбылгаз" акционерлік қоғамдарынан көрсетілген қоғамдардың жарғылық қорына кіргізілмеген жоғары және орташа қысымдағы газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды ол мемлекеттік тіркелгеннен кейін құрылатын мемлекеттік кәсіпорынның балансына беру туралы мәселені шешсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен "Трактебель С.А." компаниясына кейіннен газдың осы көлемін сатудан түскен қаражатты роялти бойынша өтеудің есебіне республикалық бюджетке жолдау

арқылы 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен "Трактебель С.А." компаниясының арасындағы газ көлігі жүйесінің концессиясы шартында көзделген роялтиді төлеудің есебіне 500 миллион текше метр газды сатып алуды, тасымалдауды және сақтауды жүзеге асыруға рұқсат етсін.

4. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

*Премьер-Министр*